

Сабақтың тақырыбы: Астана қаласы. Астана символы - Бәйтерек.

Күні: 12.12.2017ж Мұғалімнің аты-жөні: Жалмаганбетова Алия Мухамеджановна
Сынып 4а Қатысып отырғаны: 12.

Келмегендер саны: 0.

Сабақтың оқу мақсаты:

А . 4.2.1.1 әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолдану

Т.4.1.3.1 мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және түйінді тұстарын анықтау

О. 3 4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну

Ж.4.4.3.1 шағын мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдан

Сабақтың мақсаттары Барлық оқушылар істей алады:

1.сюжетті сурет бойынша атай алады.

2.Көрнекі құралдар арқылы тапсырмаларды орындай алады

3. Мұғалім қойған сұрақтарға жауап бере алады

Оқушылардың көпшілігі істей алады:

1.Сурет бойынша бір сөзбен сұраққа жауап бере алады.

2.Мынау кім? мынау не? сұрақтарына жауап бере алады, сөз мағынасын түсінеді

3.Мәтінде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын, сөздік арқылы түсіне алады

Кейбір оқушылар істей алады:

1.Мәтін бойынша сөз тіркесін,қысқа сөйлемдер құрастыра алады

2. Астана символы- «Бәйтерек» мағынасын түсінеді, атай алады

Тілдік мақсат Оқушылар орындай алады:

сұрақтарға жауап бере алады, мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындай алады .

Астана символы - «Бәйтерек» туралы өз ойларын атай алады\сөйлемді толықтыра алады .

Сабақтың түрі: жаңа тақырыппен таныстыру.

Сабақтың типтері: кіріспе сабақ.

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу

Көрнекілік: суреттер, сызбалар.

Пәнаралық байланыс: дүниетану, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1.Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындау (оқу құралдарының түгелдігін тексеру).

2.Психологиялық дайындық .

II. Үй жұмысын тексеру.

- Миға шабуыл .

-Біздің отанымыз қай жер?

- Қазақстанның табиғаты қандай екен?

-Қазақстан республикамыз қандай?

-Біздің мемлекетіміздің рәміздерімізге нелер жатады ?

- Ал туған жер туралы мақалдарды кім біледі?

-Тұңғыш президентіміз кім?

-Қазақстанның елордасы қай қала?

-Астана туралы олеңді еске түсірейікші.

III. Жаңа білімдерін меңгеру

1. АСТАНА туралы видео бейнені көруді ұсынады.

2. Тақырыпты жариялау, мақсатымен таныстыру.

3. Сұрақтарға жауап беру.

4. Астана туралы не білесіңдер?

5. Сен елордада болдың ба?

6. Бәйтерек монументін көрдің бе?

IV. Жаңа сөздермен танысу.

а) Жаңа сөздердің айтылуын меңгерту үшін мұғалім өзі оқып береді.

ә) Оқушылар мұғалім соңынан тізбектей, сосын жекелей қайталап айтып жаттығады.

б) Жазылуын меңгеру үшін сөздік дәптерге жазып алады.

«Астана» - столица - capital

«Бәйтерек» - Байтерек - Baiterek

«Елбасы» - президент – president

«Сәулетші» - архитектор -

«Нышаны» - символ -

в) Лексикалық мағынасын меңгеру үшін сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады.

Астана-Бәйтерек туралы видео бейнені көруді ұсынады.

V. Мәтінмен жұмыс. 60 б. № 6-тапсырма түсініп оқып, аудару.

Мәтінмен жұмыс .

Астана символы - «Бәйтерек».

Бұл ғимарат «Астана -Бәйтерек» монументі деп аталады. «Астана- Бәйтерек» монументі 2002 жылы салынды. «Астана-Бәйтерек» Қазақстан жобасының жетекші авторы Ақмырза Рүстембеков. Сәулетшісі –Норман Фостер. «Астана- Бәйтеректің» биіктігі-97 метр. Мынау «Аялы алақан» композициясы. «Астана- Бәйтерек» монументі-биік және әдемі ғимарат. «Астана- Бәйтерек» -Астана нышаны (символы).

Сұрақтарға жауап беру.

1. Астананың символы не?

2. Сен Астанадада болдың ба?

3. Бәйтерек монументін көрдің бе?

4. Бәйтеректі қандай нышан дейді?

5. Бәйтеректің биіктігі неше метр?

6. Сәулетшісі кім?

VI. Жаңа білімдерін түсінуін тексеру

1 - тапсырма: Фонетикалық талдау жаса: 1 нұсқа - бәйтерек, 2 нұсқа – ғимарат 3

2- тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік, септік жалғауларды қойып, көшіріп жазындар.

Менің туған жер....., Отан.....- Қазақстан.

Қазақстан..... астанасы - жаңа қала Астана.

Менің Отан.....-Қазақстан.

Қазақстан.....тұңғыш Президенті- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

VII.Сергіту сәті V.

Бәйтерекке ұқсайық,

Қолды көкке созайық.

Самұрық болып ұшайық,

Ұямызға қонайық.

3.-тапсырма:Сәйкестендіру.

4. Кесте бойынша сұрақтарға жауап беру.

VIII.Үйге: Сөздерді жаттау,тақырып бойынша диалог құрастыру.

IX.Рефлексия

1.Қорытынды:

- Біз бүгін не туралы айттық?
- Не білдік?
- Нені үйрендік?

1. «Алма ағашы» әдісі.

- Жасыл түсті алма-мен бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын.
- Қызыл түсті алма-мен тапсырманы орындай алмадым.
- Сары түсті алма-мен тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындадым.

X.Сабақты бағалау.